

**Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасын бекіту және "Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1031 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 1182 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.10 № 1182 (01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысының 7-2-тармағына және «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасы бекітілсін.

2. «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасында (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру):

«Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген 7-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-2 жолмен толықтырылсын:

«

4-2.	Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде Сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасының жобасын әзірлеу.	Қаржымині	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	2011 жылғы 2-тоқсан
------	---	-----------	---	---------------------

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*  
*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 1031 қаулысымен  
бекітілген

### **Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасы**

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «сауықтыру жоспары», «сауықтыру жоспарымен», «сауықтыру жоспарын» деген сөздер тиісінше «оңалту (сауықтыру) жоспары», «оңалту (сауықтыру) жоспарымен», «оңалту (сауықтыру) жоспарын» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасына (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) (бұдан әрі - Бағдарлама) сәйкес әзірленді және кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақының пайыздық ставкасын, облигациялар бойынша купонды субсидиялау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224 қаулысымен .

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:  
қатысушы – Сауықтыру кеңесінің оң қорытындысын алған әлеуетті қатысушы ;

оңалту (сауықтыру) жоспары – кредиторлардың талаптарын өтеу кестесін, сондай-ақ қол жеткізілетін нәтижелерді, пайдаланылатын ресурстар мен ықтимал тәуекелдерді қоса алғанда, іске асыру мерзімін көрсете отырып, жұмыс істейтін кәсіпорындардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және жұмыс орындарын

сақтау мақсатында борышкер мен кредиторлардың, біркелкі кредиторлар тобының арасындағы өзара келісудің негізінде жүзеге асырылатын және оңалту рәсімін, жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану кезінде борышкерді сауықтыруға бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені;

Сауықтыру кеңесі – мүдделі мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы өкілдерінен тұратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен қалыптастырылған консультациялық-кеңесші орган;

Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі ;

Сауықтыру кеңесінің қорытындысы – әлеуетті қатысушыны оңалту (сауықтыру) жоспарын талдауға негізделген және оны негізге алған Сауықтыру кеңесінің әлеуетті қатысушыны Бағдарламаға қосу не қоспау туралы шешімі;

субсидиялау бөлігінде Бағдарламаны іске асыру мониторингі – бұл субсидиялау жөніндегі оператордың қатысушының өтеу кестесін орындағаны және қаржы ұйымының субсидиялау үшін ақша қаражатын аударғаны туралы ақпаратты жинауы ;

субсидиялау жөніндегі оператор – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға, оған :

кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар, облигациялар бойынша купонды субсидиялау шеңберінде қаржы ұйымдарына (облигация ұстаушыға, қатысушыға) ақша қаражатын аудару ;

субсидиялау бөлігінде Бағдарламаның іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі міндеттер жүктелген ;

субсидиялау шарты – уәкілетті органның, субсидиялау жөніндегі оператордың, меншік иесінің (меншік иелерінің), қаржы ұйымының (облигацияларды ұстаушы) және қатысушының арасында жасалатын жазбаша келісім, оның талаптары бойынша субсидиялау жөніндегі оператор қатысушы қаржы ұйымына кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақы, облигациялар бойынша купон ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеуге арналған ақшалай қаражатты аударады ;

субсидиялау – кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақы, облигациялар бойынша купон ретінде қаржы ұйымының қатысушысы төлейтін шығыстарды ішінара өтеу үшін пайдаланылатын мемлекеттік қаржылық қолдау нысаны ;

уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі ;  
қаржы ұйымы — қаржылық қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға ;

өтеу кестесі – субсидиялау жөніндегі оператор аударатын және қаржы

ұйымына қатысушы төлейтін барлық төлем сомалары көрсетілген, субсидиялау шартының ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016; 07.03.2013 N 224; 19.02.2014 № 117 қаулыларымен.**

3. Пайыздық ставканы субсидиялау кредиттер және/немесе лизингтік операциялар, облигациялар купоны бойынша ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте, қаржыландыру туралы келісімдер 2012 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей жасалуы тиіс және 2011 жылғы 1 қаңтардағы қарыздардың олар бойынша міндеттемелердің жалпы сомасы (не 2013 жылғы 1 қаңтардан 2013 жылғы 1 сәуір мерзімі арасында Бағдарламаға қатысуға өтініш берген кәсіпорындар бойынша 2012 жылғы 1 қаңтардағы) 2012 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей туындаған бұрын қабылданған міндеттемелерді қайта қаржыландыру жағдайларынан басқа, 4 500 000 000 (төрт миллиард бес жүз миллион) теңгені құрауы немесе одан а р т ы қ б о л у ы т и і с .

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117 қаулысымен .**

4. Субсидиялау Бағдарлама шеңберінде республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады .

5. Субсидиялау, инфрақұрылымдық облигациялар бойынша міндеттемелерді қоспағанда, қаржылай кредит берушілердің оңалту (сауықтыру) жоспарына сәйкес қатысушының міндеттемелерін қайта құрылымдаудың міндеттілігі ш а р т т а р ы м е н б е р і л е д і .

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен .**

6. Субсидия алушылар бағдарламаға қатысушылар болып табылады.

7. Субсидиялау мерзімі субсидиялау шарты жасалған сәттен бастап бес ж ы л д а н а с п а й д ы .

8. Субсидия мөлшері - жылдық жеті пайызға дейін. Сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігінің мөлшері өтеу кестесінде көрсетіледі.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.19 № 1355 Қаулысымен .**

9. Субсидиялау өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Өздеріне қатысты соттың оңалту рәсімі қолданылған қатысушыларды субсидиялау оңалту рәсімі тоқтатылғаннан кейін кредиторлар тарапынан көрсетілген шараларды ( жүргізілген қайта құрылымдауды) ескере отырып, өтеу кестесіне сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.05.2014 № 495 қаулысымен (29.12.2011 бастап қолданысқа енгізіледі).**

9-1. Облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде қаржы

ұйымдарына қатысты осы Қағидалардың ережелері облигацияларды ұстаушыға қ о л д а н ы л а д ы .

Инфрақұрылымдық облигациялар бойынша купонды субсидиялау жүзеге а с ы р ы л м а й д ы .

Ескерту. 1-бөлім 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.

## **2. Бағдарлама шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау тәртібі**

10. Қатысушының кредит берушілер комитеті бекіткен қатысушының оңалту (сауықтыру) жоспарын мақұлдау туралы шешімді Сауықтыру кеңесі қабылдайды .

11. Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы Сауықтыру кеңесі қатысушының оңалту (сауықтыру) жоспарын мақұлдау немесе оңалту (сауықтыру) жоспарын кері қайтару туралы шешім қабылдағаннан күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бұл туралы Бағдарламаға сәйкес субсидиялау жөніндегі операторды жазбаша х а б а р д а р е т е д і .

12. Қатысушы кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредит берушілердің талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы сот шешімін (оңалту рәсіміндегі қатысушыға қатысты оңалту рәсімін тоқтата тұру туралы сот ұйғарымы) алғаннан кейін субсидиялау жөніндегі операторға Сауықтыру жөніндегі кеңестің оңалту (сауықтыру) жоспарын мақұлдау туралы шешімінің, оңалту (сауықтыру) жоспарына сәйкес жүргізілген қайта құрылымдауды ескере отырып, қатысушының қарыз алуын өтеу кестелерінің негізінде жасалған өтеу кестелерін қоса алғанда, субсидиялау шартының жобасы көшірмелерін қоса бере отырып, осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға өтінім береді. Өтеу кестесіндегі субсидиялау сомалары мемлекеттің тарапынан қолдау шаралары ретінде оңалту (сауықтыру) жоспарында көрсетілген сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау көлеміне негізделе отырып, есептеледі. Бұл ретте, әрбір қатысушыға және кредиторға қатысты өтеу кестесінде көзделген субсидиялардың жалпы көлемі осы қатысушыға және кредиторға қатысты оңалту (сауықтыру) жоспарында көзделген субсидиялардың жалпы көлемінен аспауы тиіс.

Субсидиялауға арналған өтінімді Бағдарламада белгіленген жағдайларда кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредит берушілердің талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы сот шешімін (оңалту рәсіміндегі қатысушыға қатысты оңалту рәсімін тоқтата тұру туралы сот ұйғарымы) ұсынбастан беруге болады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117  
қ а у л ы с ы м е н .

13. Қатысушы субсидиялауға өтінім берген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның негізінде субсидиялау жөніндегі оператор сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін, ал қатысушы – сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін төлейтін өтеу кестесін қоса бере отырып, субсидиялау шарты жасалады. Егер кредитор болып ислам банкі әрекет еткен жағдайда, субсидиялау шарты осы Қағидаға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады. Субсидиялау шарты жасалған сәттен бастап есептелген сыйақы субсидиялауға жатады. Қаржы ұйымы субсидиялау шарты жасалған сәттен бастап бір күн ішінде облигациялар бойынша купонды субсидиялау, төлем көзінен ұсталатын салықтар бойынша міндеттемелер туындаған және қаржы ұйымдарында Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының шоттарын ашуға (енгізуге) құқықтылығы болмаған жағдайлардан басқа, субсидиялау жөніндегі оператордың арнайы ағымдағы шотын ашады.

Субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін оңалту (сауықтыру) жоспарына кейіннен Сауықтыру жөніндегі кеңесінде қараусыз және мақұлдаусыз кредиторлар комитетінің шешімімен бекітілетін субсидиялау шартының ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесіндегі іс жүзінде көрсетілген соманы есепке ала отырып, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі. Бұл ретте, кредиторлар мен меншік иелері тарапынан шаралар азайтылуға ж а т п а й д ы .

Өтеу кестесіне субсидиялау шартына қосымша келісім жасау жолымен өзгерістер м ы н а д а й :

1) оңалту (сауықтыру) жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар е н г і з і л г е н ;

2) егер мемлекет тарапынан қолдау шаралары ұлғайтылмаған жағдайда, оңалту (сауықтыру) жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізбей, кредит берушілер мен меншік иелері тарапынан қосымша қолдау шаралары көрсетілген жағдайда енгізілуі мүмкін.

Кредит және (немесе) лизингтік операциялар, облигациялар жөніндегі купон бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін төмендету түрінде кредиторлар тарапынан қосымша қолдау шаралары көрсетілген кезде өтеу кестесін өзгерту т а л а п е т і л м е й д і .

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117;  
өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.05.2014 № 495 (29.12.2011 бастап қолданысқа  
енгізіледі) қ а у л ы л а р ы м е н .

14. Субсидиялау жөніндегі оператор Бағдарламаға қатысушы ұсынған

субсидиялауға арналған өтінімнің негізінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға ақшалай қаражатты аударуға өтінімді қалыптастырады және субсидиялау шарты жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей уәкілетті органға береді.

Субсидиялау жөніндегі оператордың өтінімі уәкілетті органға осы Қағиданың 22-1-тармағында көзделген ережелерді ескере отырып, алдағы үш айда қаржы ұйымына аударуға жататын сомаға беріледі. Төлемдерді қайта бастаған (жүзеге асырған) жағдайда, субсидиялауға өтінім қаржы ұйымына аударуға жататын, оның ішінде кредит және (немесе) лизингтік операциялар, облигациялар жөніндегі купон бойынша мерзімі өтіп кеткен төлемдер кезеңіндегі сомаға беріледі.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.05.2014 № 495 қаулыларымен.**

15. Уәкілетті орган субсидиялау жөніндегі оператордың өтінімін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның есеп шотына субсидиялау жөніндегі оператордың өтінімінде көрсетілген мөлшерде субсидиялау үшін ақша қаражатын аударды.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.05.2014 № 495 қаулысымен.**

16. Субсидиялау жөніндегі оператор субсидиялау үшін ақша қаражатын қаржы ұйымдарына арнайы ашылған ағымдағы шоттарға тоқсан сайын аванстық төлемдермен, алдағы тоқсандағы айдың бірінші күніне дейінгі мерзімде, оның ішінде уәкілетті органның ақша қаражатын уақтылы аударуы шартымен қатысушылардан өтінімдердің түсуіне қарай аударды.

Аталған тәртіп облигациялар бойынша купонды субсидиялауға, сондай-ақ төлем көзінен ұсталынатын салық бойынша міндеттемелер пайда болған және қаржы ұйымдарында Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының шоттарын ашуға (енгізуге) құқықтылығы болмаған жағдайларға қолданылмайды.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117 қаулысымен.**

17. Қатысушы кредит немесе лизингтік операциялар бойынша сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін төлеген кезде өтеу кестесіне сәйкес қаржы ұйымы субсидиялау жөніндегі оператордың ағымдағы арнайы шотынан ақшалай қаражатты қатысушыдан төлем түскен күні сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеу есебіне шығаруды жүзеге асырады.

Қаржы ұйымдарында Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының шоттарын ашуға (енгізуге) құқықтылығы болмаған жағдайда, субсидиялау жөніндегі оператор ақшалай қаражатты қатысушының ағымдағы шотына өтеу

кестесіне сәйкес мерзімде және мөлшерде аударды.

Облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде субсидиялау жөніндегі оператор сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін қатысушының төлеуі туралы облигация ұстаушыдан жазбаша хабарлама алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті орган ақшалай қаражатты уақтылы аударған жағдайда өтеу кестесіне сәйкес облигацияларды ұстаушының ағымдағы шотына ақшалай қаражатты аударды.

Төлем көздерінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер пайда болған жағдайда кредит немесе лизингтік операциялар, облигациялар купоны бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау кезінде салықты есептеу, ұстау және аудару бойынша салық агенті қатысушы болып табылады. Бұл ретте, субсидиялау жөніндегі оператор қатысушының ағымдағы шотына өтеу кестесіне сәйкес мерзімдерде және көлемінде ақша қаражатын аударды.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117 қаулысымен.**

18. Қаржы ұйымы субсидиялау жөніндегі операторға қатысушының төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес төлегені немесе қатысушының өтеу кестесін бұзғаны туралы осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем күнінен кейінгі күннен кешіктірмейтін мерзімде жазбаша хабардар етеді.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224 қаулысымен.**

19. Төлем күні демалыс немесе мереке күндеріне келген жағдайда, төлем ол күннен кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

20. Қатысушы кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар бойынша купон, оның ішінде өтеу кестесінде көрсетілген мерзімдерде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігі бойынша төлемді төлемеген жағдайда:

1) қаржы ұйымы қатысушы берешекті өтегенге дейін субсидиялау жөніндегі оператордың ағымдағы арнайы шотынан субсидиялау үшін (субсидиялау жөніндегі оператор облигацияларды ұстаушының немесе қатысушының ағымдағы шотына ақшалай қаражатты аударуды тоқтатады) ақшалай қаражатты есептен шығармайды және өтеу кестесі бойынша төлем жүргізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей бұл туралы субсидиялау жөніндегі операторға х а б а р л а й д ы ;

2) кредит немесе лизингтік операциялар бойынша ставканы субсидиялау кезінде қатысушының кредит, лизингтік операциялар бойынша төлемді, оның ішінде сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде төлемегені туралы хабарламасын алған күні субсидиялау жөніндегі оператор қаржы ұйымының сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін төлеуді тоқтата тұрады және ол туралы



уәкілетті органды хабардар етеді;

3) облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде - субсидиялау жөніндегі оператор облигация ұстаушының қатысушының облигациялар жөніндегі купон бойынша төлемді, оның ішінде өтеу кестесінде көрсетілген мерзімдерде субсидияланбайтын бөлігін төлемегені туралы хабарлама алған күні бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді;

4) қаржы ұйымдарында Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының шоттарын ашуға (енгізуге) құқықтылығы болмаған кезде – субсидиялау жөніндегі оператор қатысушы кредит, лизингтік операциялар, оның ішінде субсидияланбайтын бөлігі бойынша төлемді өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде төлемегені туралы қаржы ұйымынан хабарламаны алған күні, бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117 қаулысымен.**

21. Қатысушы кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон, оның ішінде сыйақы мөлшермесінің субсидияланбайтын бөлігі бойынша мерзімі өткен төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес толық төлеген жағдайда, қаржы ұйымы бұл туралы субсидиялау жөніндегі операторды мерзімі өткен төлемдерді толық төлеген күннен кейінгі күннен кешіктірмейтін мерзімде жазбаша хабардар етеді. Кейіннен субсидиялау жөніндегі оператор бұл туралы уәкілетті органды қаржы ұйымының хабарламасын алған күннен кейінгі күннен кешіктірмейтін мерзімде х а б а р д а р е т е д і .

Уәкілетті орган субсидиялау жөніндегі оператордан жазбаша хабарлама алған сәттен бастап оған сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігі бойынша төлемдерді қалпына келтірілгені туралы, оның ішінде кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон бойынша мерзімі өтіп кеткен төлемдер кезеңі бойынша да жазбаша хабарлама жібереді.

Бағдарламаның субсидиялау бөлігінде іске асырылуын мониторингтеу барысында қатысушының күнтізбелік тоқсан күннен асатын кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон, оның ішінде сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігі бойынша мерзімі өткен төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес төлемегені анықталған жағдайда, өздеріне қатысты соттың оңалту рәсімі қолданылған қатысушыларға субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асырмау жағдайларынан басқа, субсидиялау жөніндегі оператор бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді, ол қатысушыны Бағдарламадан шығаруға бастамашылық жасайды.

Сауықтыру кеңесінің қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешімінің негізінде Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы субсидиялау шартын бұзады және кредиторлардың кәсіпорынды банкрот деп тану туралы талап арыздарды беруіне

мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін жою туралы өтінішпен сотқа жүгінеді және оңалту (сауықтыру) жоспарын орындау шеңберінде субсидиялауға, оның ішінде консультанттардың қызметтеріне ақы төлеуді бірлесіп қаржыландыруға тартылған бюджет қаражатын өндіріп алу жөніндегі шараларды қабылдайды, сондай-ақ банкроттау рәсіміне бастамашылық жасай а л а д ы .

Кәсіпорынды банкрот деп таныған жағдайда, оңалту (сауықтыру) жоспарын орындау шеңберінде субсидиялауға, оның ішінде консультанттардың қызметтеріне ақы төлеуді бірлесіп қаржыландыруға да тартылған бюджет қаражаты банкроттық туралы заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке өндіріп алуға жатады.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117; 16.05.2014 № 495 қаулыларымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).**

22. Төлемдерді жаңғыртуды субсидиялау жөніндегі оператор қатысушы мерзімі өткен төлемдерді толық төлеген кезде сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін төлеуді жаңғыртуға уәкілетті органның жазбаша келісімін алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

22-1. Егер қатысушының өтеу кестесін орындамауына байланысты субсидиялау жөніндегі оператордың арнайы есеп немесе ағымдағы шотында тұрған қаражат кезең ішінде қатысушының кредиті, лизингтік операциялары немесе облигациялар жөніндегі купоны бойынша сыйақы ставкасын субсидиялауға бағытталмаған жағдайда, субсидиялау жөніндегі оператор уәкілетті органның жазбаша келісімімен оларды кезекті кезеңге басқа қатысушылардың кредиті, лизингтік операциялары немесе облигациялар жөніндегі купоны бойынша сыйақы ставкасын субсидиялауға қайта бағыттайды. Уәкілетті орган қаражатты қайта бағыттауға келіскен жағдайда, субсидиялау үшін ақша қаражатын аударуға кезекті өтінім осы сомаға қысқартуға жатады.

**Ескерту. Қағида 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224 қаулысымен.**

23. Қатысушы кредит және (немесе) лизингтік операциялар бойынша негізгі қарызды ішінара (толық) мерзімінен бұрын өтеген кезде, облигацияларды ішінара (толық) сатып алған жағдайда қаржы ұйымы бұл туралы субсидиялау жөніндегі операторды және уәкілетті органды төлем жасалған жұмыс күнінен кейінгі күннен кешіктірмей хабардар етеді.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224 қаулысымен.**

24. Субсидиялауды тоқтату туралы шешімді Сауықтыру кеңесі қабылдайды.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016**

## Қ а у л ы с ы м е н .

25. Субсидиялау мынадай:

- 1) Бағдарламаға сәйкес Сауықтыру кеңесінің шешімі бойынша қатысушы Бағдарламадан шығарылған;
- 2) Бағдарламаға сәйкес Сауықтыру кеңесінің шешімі бойынша қатысушы Бағдарламадан мерзімінен бұрын шығарылған;
- 3) қатысушы кредит және (немесе) лизингтік операциялар бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық (ішінара) өтеген, облигацияларды мерзімнен бұрын толық сатып алған жағдайларда тоқтатылады.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.10 № 1182 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

26. Сауықтыру кеңесі қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы (Бағдарламадан мерзімінен бұрын шығару туралы) шешім қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті орган субсидиялау жөніндегі операторды сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін төлеудің тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етеді және бес жұмыс күні ішінде субсидиялау жөніндегі операторға, қаржы ұйымына және қатысушыға және қатысушының меншік иелеріне субсидиялау шартының бұзылғаны туралы жазбаша хабарлама жібереді.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.10 № 1182 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасына 1-қосымша

**Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялауға арналған өтінім**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.**

20 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Кімге: \_\_\_\_\_

(Субсидиялау жөніндегі оператордың атауы)

Кімнен:

(Қатысушының толық атауы)

1	Қатысушы туралы мәліметтер	
1.1	Атауы	
1.2	Толық пошталық (заңды) мекенжайы	
1.3	Байланыс телефондары	
1.4	СТН	
1.5	Банктік деректемелері	
1.6	Қатысушыны Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасына (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) енгізу туралы Сауықтыру кеңесі қорытындысының күні мен нөмірі	
1.7	Сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялаудың жалпы сомасы оналтудың (сауықтырудың) барлық кезеңіне арналған өтеу кестесіне сәйкес (валюта)	
2	Қаржы ұйымы/облигацияларды ұстаушылар туралы мәліметтер	
2.1	Атауы	
2.2	Толық пошталық (заңды) мекенжайы	
2.3	Байланыс телефондары	
2.4	СТН	
2.5	Банктік деректемелері	
2.6	Қарыз (лизинг) шартының нөмірі мен күні/облигацияларды шығару проспектісі	
3	Өтінімге қосымша	
3.1	Қатысушының оңалту (сауықтыру) жоспарын мақұлдау туралы Сауықтыру кеңесі шешімнің көшірмесі	
3.2	Оңалту (сауықтыру) жоспарына сәйкес жүргізілген қайта құрылымдауды ескере отырып, қатысушының қарыздарын өтеу кестелері негізінде жасалған өтеу кестесін қоса алғанда, субсидиялау шартының жобасы	

Қатысушының бірінші басшысының \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. мен қолы

Өтінім берілген күн

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

М.О.

Өтінімнің қабылданған күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Өтінімді қабылдаған адамның Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

мен телефон нөмірі

Дағдарыстан кейін қалпына

келтіру бағдарламасы

(бәсекеге

қабілетті кәсіпорындарды

сауықтыру) шеңберінде

сыйақының  
субсидиялау  
2-қосымша

пайыздық  
қағидасына

ставкасын

## № Субсидиялау шарты

Астана қаласы «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Бұдан әрі «Министрлік» деп аталатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі атынан «Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, жауапты хатшысы және вице-министрлерінің арасында міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеге сәйкес әрекет ететін Қаржы вице-министрі \_\_\_\_\_ бір тараптан, сондай-ақ бұдан әрі «Компания» деп аталатын «Активтерді басқару және оңалту компаниясы» акционерлік қоғамы атынан Жарғының негізінде әрекет ететін Президент \_\_\_\_\_ екінші тараптан, бұдан әрі «Қаржы ұйымы» (Облигацияларды ұстаушы) деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ үшінші тараптан, және бұдан әрі «Меншік иесі» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_, негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ төртінші тараптан және бұдан әрі «Қатысушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_, негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ бесінші тараптан, бірлесіп бұдан әрі «Тараптар», ал жекелеп алғанда «Тарап» деп аталатын, Сауықтыру кеңесінің 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ шешімін орындау үшін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасына (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) (бұдан әрі – Бағдарлама), Бағдарлама шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес төмендегілер туралы осы Субсидиялау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.**

### 1. Шарттың мәні

1.1. Осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесіне сәйкес қатысушының қаржы ұйымына (облигацияларды ұстаушыға) кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақы, облигациялар бойынша купон ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеуге арналған ақша қаражатын (бұдан

әрі – сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау) компанияның қаржы ұйымына (облигацияларды ұстаушыға немесе қатысушыға) төлеуді жүзеге асыруы.

**Ескерту. 1.1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.03.2013 N 224 қаулысымен.**

## **2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

2.1. Министрлік:

- 1) Тараптардан осы Шарттың талаптарын тиісінше орындауды талап етуге;
- 2) Компаниядан ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне Бағдарламаның пайыздық ставканы субсидиялау бөлігінде іске асырылуын мониторингтеу туралы ақпаратты талап етуге құқылы.

2.2. Министрлік:

- 1) Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Компанияның өтінімін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Компанияның есеп шотына өтінімде көрсетілген мөлшерде ақша қаражатын аударуға;

2) Қатысушының сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігінің төлеу мерзімі өткен бөлігін толық көлемде өтегені туралы қаржы ұйымы (облигацияларды ұстаушы) хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде компанияның субсидиялар төлеуді жаңартатыны туралы жазбаша түрде хабарлауға;

3) Сауықтыру кеңесі Қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Компанияны сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялауды тоқтату туралы жазбаша хабарлауға;

4) Қатысушы Бағдарламадан шығарылған жағдайда 5 жұмыс күні ішінде Тараптарға осы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберуге;

5) осы Шарт талаптарының орындалуына әсерін тигізетін барлық мән-жайлар туралы осы Шарттың Тараптарын уақтылы хабардар етуге;

- б) **алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен;**

7) мынадай:

Сауықтыру кеңесінің шешімі бойынша қатысушы Бағдарламадан шығарылған;

қатысушы кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша негізгі берешегін толық (мерзімінен бұрын толық) өтеген, облигацияларды мерзімінен бұрын толық сатып алған жағдайларда субсидиялар төлеуді тоқтатуға міндетті.

**Ескерту. 2.2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016; 07.03.2013 N 224; 16.05.2014 № 495 қаулыларымен.**

2.3. Компания:

- 1) Тараптардан осы Шарттың талаптарын тиісінше орындауды талап етуге;
- 2) Қатысушы мен Қаржы ұйымынан (облигацияларды ұстаушыдан) өтеу кестесіне сәйкес сыйақыны өтеу жөніндегі қажетті құжаттар мен ақпаратты алуға қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 2.3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қ а у л ы с ы м е н .

#### 2 . 4 . К о м п а н и я :

- 1) Қатысушының өтінімі негізінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау үшін Компанияға ақша қаражатын өтеу кестесіне аударуға Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Министрлікке өтінім жіберуге;

- 2) кредит немесе лизингтік операциялар бойынша ставканы субсидиялау кезінде - уәкілетті орган ақша қаражатын уақтылы аударған жағдайда, қатысушылардан өтінімдердің түсуіне қарай Компанияның арнаулы ағымдағы шотына сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау үшін ақша қаражатын тоқсан сайын алдағы тоқсандағы айдың бірінші күніне дейінгі мерзімде аванстық төлемдермен Қаржы ұйымына аударуға;

облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде – уәкілетті орган ақшалай қаражатты уақтылы аударған жағдайда Қатысушының облигацияны ұстаушысының арнайы ағымдағы шотына сыйақының пайыздық ставкасын субсидияланбайтын бөлігін кестеге сәйкес мерзімде және мөлшерде төлегенде сонымен қатар Қатысушымен толық көлемде мерзімі асып кеткен қарызды төлегені үшін ай сайын ақшалай қаражатты аударуға;

- 2-1) кредит немесе лизингтік операциялар, облигациялар купоны бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, Министрліктен ақша қаражаты уақтылы түскен кезде өтеу кестесіне сәйкес қатысушының ағымдағы шотына сыйақы ставкасын субсидиялау үшін ақша қаражатын аударуға;

- 2-2) қаржы ұйымдарында Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының шоттарын ашуға (енгізуге) құқықтылығы болмаған жағдайда, қатысушының ағымдағы шотына сыйақы ставкасын субсидиялау үшін ақшалай қаражатты Министрліктен ақшалай қаражат уақтылы түскен кезде өтеу кестесіне сәйкес а у д а р у ғ а ;

- 3) қаржы ұйымынан (облигациялар ұстаушыдан) қатысушының кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон бойынша төлемді, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде уақтылы төлемегені туралы хабарламаны алған күні сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін қаржы ұйымына ( облигациялар ұстаушыға немесе қатысушыға) төлеуді тоқтатуға және Министрлікті хабардар етуге;

4) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне Министрлікке Бағдарламаны іске асыру шеңберінде пайыздық ставканы субсидиялау туралы ақпаратты осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуға;

5) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен;

6) осы Шарт талаптарының орындалуына әсерін тигізетін барлық мән-жайлар туралы осы Шарттың Тараптарын уақтылы хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 2.4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016; 07.03.2013 N 224; 19.02.2014 № 117 қаулыларымен.

#### 2.5 Қаржы ұйымы (Облигациялар ұстаушы):

Уәкілетті орган ақша қаражатын уақтылы аударған жағдайда осы Шарт шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау үшін ақша қаражатының уақтылы аударылуын Компаниядан талап етуге.

Ескерту. 2.5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.

#### 2.6 Қаржы ұйымы (Облигациялар ұстаушы):

1) кредит немесе лизингтік операциялар бойынша ставканы субсидиялау кезінде - осы Шарт жасалған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялауға арналған Компанияның арнаулы ағымдағы шотын ашуға;

облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде - осы Шарт жасалған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялауға арналған өзінің арнаулы ағымдағы шотын екінші деңгейдегі банкте ашуға;

1-1) Компанияның ашылатын (ашу, қызмет көрсету, енгізу) арнаулы ағымды шоты үшін Компаниядан комиссиялар, алымдар және (немесе) басқа төлемдер алмауға;

2) өтеу кестесіне сәйкес сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау үшін Компания аударатын ақша қаражатының нысаналы пайдалануын қамтамасыз етуге;

2-1) сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеуге арналған Компанияның ақшалай қаражаты есебінен сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеуді жүргізбеуге;

3) үш жұмыс күн ішінде Қатысушымен жасалған төлеу кестесімен бірге кредиттік шарттардың көшірмелерін беруге;

4) Қатысушы өтеу кестесіне сәйкес мерзімде және мөлшерде сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін төлеген кезде, оның ішінде Қатысушы мерзімі өткен берешекті толық өтеген кезде, Компанияның арнаулы ағымдағы шотынан ақшалай қаражатты уақтылы есептен шығаруды қамтамасыз етуге;



5) Қатысушының осы өтеу кестесін орындағаны не бұзғаны туралы Компанияны өтеу кестесіне сәйкес төлем күнінен кейінгі күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге;

6) Қатысушы кредит бойынша төлемді, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде төлемеген жағдайда, Компанияның арнаулы ағымдағы шотынан субсидиялау үшін ақша қаражатын Қатысушы берешегін өтегенге дейін алмауға және өтеу кестесі бойынша төлем күнінен кейінгі күннен кешіктірмей Компанияны хабардар етуге;

7) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 қаулысымен;

8) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай Компанияға есепті айға пайыздық ставканы субсидиялау туралы ақпаратты осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуға;

9) Өтеу кестесінің орындалуына байланысты барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты Тараптардың талап етуі бойынша ұсынуға;

10) Қаржы ұйымының (облигациялар ұстаушының) заңды мекенжайы, пошталық және банктік деректемелері, сондай-ақ іс жүзіндегі мекенжайы өзгерген кезде осындай өзгерістер туралы тараптарға бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Хабардар етпеген және (немесе) уақтылы хабардар етпеген жағдайда туындауы мүмкін салдарлар үшін Қаржы ұйымы (облигациялар ұстаушы) жауапты болады;

11) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117 қаулысымен;

12) осы Шарт талаптарының орындалуына әсер етуі мүмкін барлық жағдайлар туралы осы Шарттың Тараптарын уақтылы хабардар етуге;

13. Қатысушыға оңалту (сауықтыру) жоспарында көзделген қолдау шараларын ұсынуға міндетті.

Ескерту. 2.6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016; 19.02.2014 № 117 қаулыларымен.

2.6 - 1. Меншік иесі:

1) Қатысушыға оңалту (сауықтыру) жоспарында көзделген қолдау шараларын ұсынуға;

2) осы Шарттың талаптарын орындауға әсер етуге қабілетті барлық жағдайлар туралы осы Шарттың Тараптарына уақтылы хабарлауға;

3) осы Шарт Тараптарының талабы бойынша өтеу кестесін орындауға байланысты қажетті барлық құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті.

Ескерту. 2.6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.

2.7. Қатысушы:

Қаржы ұйымынан сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау үшін Компанияның ақша қаражатының ағымдағы арнаулы шотынан ақша қаражатын

шығарылуын қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.  
2 . 8 . Қ а т ы с у ш ы :

1) кредит бойынша төлемдерді, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесіне сәйкес уақтылы өтеуге;

1-1) кредит немесе лизингтік операциялар, облигациялар бойынша купон бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтар бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, қаржы ұйымына немесе облигацияларды ұстаушыға өтеу кестесінде көзделген ақшалай қаражатты, оның ішінде Компаниядан алынған, сыйақы ставкасын субсидиялауға арналған сомаларды аударуға. Ақшалай қаражат төлем көзінен ұсталатын салықтар шегеріліп, төлем кестесіне сәйкес аударылады;

1-2) қаржы ұйымдарында Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының шоттарын ашуға (енгізуге) құқықтылығы болмаған кезде өтеу кестесімен көзделген ақшалай қаражатты, оның ішінде Компаниядан алынған сыйақы ставкасын субсидиялауға арналған сомаларды қаржы ұйымына аударуға;

2) осы Шарт талаптарының орындалуына әсер етуі мүмкін барлық мән-жайлар туралы осы Шарттың Тараптарын уақтылы хабардар етуге;

3) өтеу кестесінің орындалуына байланысты барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты осы Шарт Тараптарының талаптары бойынша ұсынуға;

4) Сауықтыру кеңесі Қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешім қабылдаған жағдайда, сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялауға арналған оңалту (сауықтыру) жоспарын орындау шеңберінде тартылған ақшалай қаражатты республикалық бюджетке отыз күн мерзімде қайтаруға;

5) кредит немесе лизингтік операциялар, облигациялар бойынша купон бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтар бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстап қалу және аудару бойынша салық агенті болуға м і н д е т т і .

Ескерту. 2.8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016; 07.03.2013 N 224; 19.02.2014 № 117 қаулыларымен.

### **3. Шарттың қолданылу мерзімі**

3.1. Осы Шарт 20 \_\_\_ жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ бастап күшіне енеді және 20 \_\_\_ жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

3.2. Осы Шартты Бағдарлама мен Қағидада көзделген жағдайларда біржақты тәртіппен Министрлік бұзуы мүмкін.

### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Осы Шарт бойынша Тараптар осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

## **5. Форс-мажор**

5.1. Тараптар осы Шарт бойынша, егер орындаудың мүмкін болмауы форс-мажорлық жағдаяттар (еңсерілмейтін күш), яғни осы жағдайларда төтенше және шарасыз жағдаяттар (сұрапыл апат, әскери іс-қимылдар және т.б.) салдарынан болса, өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Форс-мажорлық (еңсерілмейтін күш) жағдаяттар басталған кезде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін емес болған Тарап осындай жағдаяттар туралы басқа Тараптарды олар басталған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етуі тиіс. Бұл ретте, форс-мажор (еңсерілмейтін күш) жағдаяттарының сипаты, әрекет ету кезеңі, пайда болу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

5.3. Уақтылы хабардар етпеген жағдайда, Тарап хабардар етпегендіктен немесе уақтылы хабардар етпегендіктен келтірілген шығындарды басқа Тараптарға өтеуге міндетті.

5.4. Форс-мажор (еңсерілмейтін күш) жағдаяттарының басталуы осы Шарттың қолданылу мерзімі олардың әрекет ету кезеңіне ұзартуды туындатады.

5.5. Егер осындай жағдаяттар қатарынан үш ай бойы жалғасатын болса, онда кез-келген Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерін бұдан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

## **6. Дауларды шешу**

6.1. Осы Шартты орындауға байланысты қандай да бір дау туындаған жағдайда Тараптардың кез-келгені келіссөздер жүргізу жолымен барлық дауларды реттеу үшін шаралар қабылдайды.

6.2. Егер туындаған дауды келіссөздер жүргізу жолымен шешу мүмкін болмаса, ол дау мен оған қатысты өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі және реттеледі. Егер туындаған дау тарапының бір жағынан халықаралық қаржы ұйымдары мен институттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, онда осындай дау Халықаралық Төреліктің қарауына жіберілуі мүмкін. Халықаралық Төреліктің таңдауы тараптардың жазбаша келісімімен айқындалады. Резиденттер

арасындағы дауды Қазақстан Республикасының соттары қарайды.

**Ескерту. 6.2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117 қаулысымен.**

## **7. Хат-хабарлар алмасу**

7.1. Осы Шарт шеңберінде Тараптардың бір-біріне жіберетін кез келген хат-хабары жазбаша нысанда берілетін және осы Шартқа сәйкес қараудың ерекше тәртібі көзделген хат-хабарды қоспағанда, тапсырылғаны туралы белгімен Тараптар хат-хабарды алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қаралатын болады.

7.2. Хат-хабар тиісті түрде ресімделген кезде (хат-хабар егер ол бланкте ұсынылған және мөрмен бекітілген, оған басшы қойған кезде және тіркеу нөмірі, күні болса, сондай-ақ орындаушысы көрсетілсе, тиісінше ресімделген болып есептеледі), жеке қолға тапсырылса, пошта хабарлама беріле отырып, арнайы хатпен) немесе қатысушы Тараптың мекенжайы бойынша курьер байланысы арқылы жеткізілсе тиісінше ұсынылған және жіберілген болып есептеледі.

7.3. Осы Шарттың қолданылуы барысында Тараптардың жауапты тұлғалары екінші Тарапқа факсимильді байланыс және/немесе электрондық пошта арқылы ақпараттық мазмұндағы хат-хабарды жіберуі мүмкін.

Бұл ретте жіберуші Тарап екінші Тарапқа хат-хабарды жібергенін растауға міндетті. Растама факсимильді байланыспен қабылдап алу туралы қабылдаушы тараптың белгісі бар барлық хат-хабардың мәтінін қоса беру жолымен жіберілген не ойдағыдай аяқталғаны туралы факсимильді аппараттың үзіндісі болған кезде тиісті түрде жүзеге асырылған болып есептеледі.

## **8. Құпиялық**

8.1. Тараптар осы Шарттың талаптарына қатысты ақпарат, банктік құпия, сондай-ақ осы Шарттың жасалуы мен орындалуы барысында өздері алған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпарат құпия болып табылатындығына келіседі және осы Шарт пен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

8.2. Тараптар осы Шарттың құпиялығы мен талаптарын сақтау үшін барлық қажетті, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды.

8.3. Тараптардың кез келгені осы Шарттың талаптарын бұза отырып құпия ақпаратты таратқан немесе жариялаған жағдайда осындай ақпаратты тарату салдарынан екінші Тарап артуы мүмкін залалды өтей отырып, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

## 9. Қорытынды ережелер

9.1. Компания мен Қаржы ұйымы Бағдарлама мен осы Шарт шеңберінде комиссия, алымдар және (немесе) өзге де төлемдер алмайды.

9.2. Тараптардың құқықтық мәртебесі өзгерген жағдайда осы Шарт бойынша және осы Шарттың орындалуы үшін барлық құқықтар мен міндеттер, оның ішінде даулар мен келіспеушіліктерді реттеуге байланысты құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

9.3. Егер төлем күні жұмыс емес немесе мереке күндеріне келген жағдайда, төлем одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

9.4. Осы Шарт, осы Шарттың оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшасымен бірге осы Шарттың нысанасына байланысты Тараптардың толық өзара түсіністігін білдіреді.

9.5. Осы Шарт Тараптардың әрбірі үшін бірдей заңды күші бар \_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) ұқсас данада мемлекеттік және орыс тілдерінде \_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) данадан жасалды. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында әр түрлі оқу туындаған жағдайда, осы Шарттың мемлекеттік тілдегі нұсқасына б а с ы м д ы қ б е р і л е д і .

9.6. Осы Шартта көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

## 10. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

**Ескерту. 10-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.**

Министрлік:	Компания:	Қаржы ұйымы (облигациялар ұстаушы):	Меншік иесі:	Қатысушы:

Е с к е р т п е :

Субсидиулаудың мәні мен тәртібіне негізделе отырып, субсидиялау шарты оны жасау кезінде түзетуге жатады.

**Ескерту. Ескертпе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 117 қаулысымен.**

20\_\_ жылғы

«\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_

С у б с и д и я л а у

ш а р т ы н а

1-қосымша

## Салыстыру актiсi

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкiметiнiң 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.

С у б с и д и я л а у

ш а р т ы н а

2-қосымша

**Дағдарыстан кейiн қалпына келтiру бағдарламасын (бәсекеге қабiлеттi кәсiпорындарды сауықтыру) iске асыру шеңберiнде 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ пайыздық ставканы субсидиялау туралы ақпарат**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкiметiнiң 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.

№ р/б	Қатысушының атауы	Субсидиялау шартының нөмірі және жасалған күні	Сыйақы ставкасы (%) (5-бағ.+бағ.)	Субсидияланатын сыйақы ставкасы (%)	Субсидияланбайтын сыйақы ставкасы (%)	Есептi айдың соңына негiзгi берешек қалдығы /Есептi айдың соңына орналастырылған облигациялардың номиналдық құны	Есептi айда өтелетiн негiз борыш сома /Есептi айда сатып алынатын облигациялардi номиналдық құны
1	2	3	4	5	6	7	8

Басшы \_\_\_\_\_

М.О. (Аты-жөнi, тегi) \_\_\_\_\_ (қолы)

Дағдарыстан кейiн қалпына келтiру бағдарламасы (бәсекеге қабiлеттi кәсiпорындарды сауықтыру) шеңберiнде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасына  
2-1-қосымша

Ескерту. Қағида 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкiметiнiң 19.02.2014 № 117 қаулысымен.

## № Субсидиялау шарты

Астана қаласы

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Бұдан әрі «Министрлік» деп аталатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі атынан «Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, жауапты хатшысы және вице-министрлерінің арасында міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ бұйрығының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеге сәйкес әрекет ететін Қаржы вице-министрі \_\_\_\_\_ бір тараптан, сондай-ақ бұдан әрі «Компания» деп аталатын «Активтерді басқару және оңалту компаниясы» акционерлік қоғамы атынан Жарғының негізінде әрекет ететін президент \_\_\_\_\_ екінші тараптан, бұдан әрі «Қаржы ұйымы» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ үшінші тараптан, бұдан әрі «Меншік иесі» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ төртінші тараптан және бұдан әрі «Қатысушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ бесінші тараптан, бірлесіп «Тараптар», ал жекелеп алғанда «Тарап» деп аталатын, Сауықтыру кеңесінің 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ шешімін орындау үшін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасына (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) (бұдан әрі – Бағдарлама), Бағдарлама шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес төмендегілер туралы осы Субсидиялау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

## **1. Шарттың мәні**

1.1. Осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесіне сәйкес қатысушының қаржы ұйымына қаржы шарттары бойынша үстеме баға ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеуге арналған ақша қаражатын (бұдан әрі – үстеме бағаны субсидиялау) компанияның қаржы ұйымына төлеуді жүзеге асыруы.

## **2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

2.1. М и н и с т р л і к :

1) Тараптардан осы Шарттың талаптарын тиісінше орындауды талап е т у г е ;

2) Компаниядан ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне Бағдарламаның үстеме бағасын субсидиялау бөлігінде іске асырылуын мониторингілеу туралы ақпаратты талап етуге құқылы.

2.2. Министрлік :

1) Компанияның Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Компанияның есеп-шотына өтінімде көрсетілген мөлшерде ақша қаражатын аударуға;

2) Қатысушының үстеме бағаның субсидияланбайтын бөлігінің төлеу мерзімі өткен бөлігін толық көлемде өтегені туралы Компания хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Компанияның субсидиялар төлеуді жаңартатыны туралы жазбаша хабарлауға;

3) Сауықтыру кеңесі Қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Компанияға үстеме бағаны субсидиялауды тоқтату туралы жазбаша хабарлауға;

4) Қатысушы Бағдарламадан шығарылған жағдайда бес жұмыс күні ішінде Тараптарға осы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберуге;

5) осы Шарт талаптарының орындалуына әсерін тигізуі мүмкін барлық мән-жайлар туралы осы Шарттың Тараптарын уақтылы хабардар е т у г е ;

6 ) м ы н а д а й :

Сауықтыру кеңесінің шешімі бойынша Қатысушы Бағдарламадан шығарылған ;

Қатысушы қаржыландыру шарттары бойынша негізгі борышын толық (мерзімінен бұрын толық) өтеген жағдайларда субсидиялар төлеуді тоқтатуға м і н д е т т і .

2.3. Компания :

1) Тараптардан осы Шарттың талаптарын тиісінше орындауды талап е т у г е ;

2) Қатысушы мен қаржы ұйымынан өтеу кестесіне сәйкес үстеме бағаны төлеу жөніндегі қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға қ ұ қ ы л ы .

2.4. Компания :

1) өтеу кестесіне сәйкес Қатысушының өтінімі негізінде үстеме бағаны субсидиялау үшін Компанияға ақша қаражатын аударуға Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Министрлікке өтінім жіберуге;

2) уәкілетті орган ақша қаражатын уақтылы аударған жағдайда, Қатысушылардан өтінімдердің түсуіне қарай Компанияның арнаулы ағымдағы шотына үстеме бағаны субсидиялау үшін ақша қаражатын тоқсан сайын, алдағы тоқсандағы айдың бірінші күніне дейінгі мерзімде



аванстық төлемдермен Қаржы ұйымына аударуға;

3) қаржыландыру шарттары бойынша үстеме бағаны субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, Министрліктен ақша қаражаты уақтылы түскен жағдайда өтеу кестесіне сәйкес қатысушының ағымдағы шотына үстеме бағаны субсидиялау үшін ақша қаражатын аударуға;

4) қаржы ұйымынан қатысушының қаржыландыру шарттары бойынша төлемді, оның ішінде үстеме бағаның субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде уақтылы төлемегені туралы хабарламаны алған күні үстеме бағаның субсидияланатын бөлігін қаржы ұйымына төлеуді тоқтата тұруға және Министрлікті хабардар етуге;

5) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне Министрлікке Бағдарламаны іске асыру шеңберінде пайыздық ставканы субсидиялау туралы ақпаратты осы Шартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуға;

6) осы Шарт талаптарының орындалуына әсерін тигізуі мүмкін барлық мән-жайлар туралы осы Шарттың Тараптарын уақтылы хабардар е т у г е м і н д е т т і .

## 2 . 5 Қ а р ж ы ұ й ы м ы :

уәкілетті орган ақша қаражатын уақтылы аударған жағдайда, осы шарт шеңберінде үстеме бағаны субсидиялау үшін ақша қаражатының уақтылы аударылуын Компаниядан талап етуге құқылы.

## 2 . 6 Қ а р ж ы ұ й ы м ы :

1) осы шарт жасалған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей үстеме бағаны субсидиялауға арналған Компанияның арнаулы ағымдағы шотын ашуға ;

2) Компанияның ашылатын арнаулы ағымды шоты үшін (ашу, қызмет көрсету, енгізу) Компаниядан комиссиялар, алымдар және (немесе) басқа төлемдер алмауға ;

3) өтеу кестесіне сәйкес үстеме бағаны субсидиялау үшін Компания аударатын ақша қаражатының нысаналы пайдалануын қамтамасыз е т у г е ;

4) үстеме бағаның субсидияланатын бөлігін өтеуге арналған Компанияның ақшалай қаражаты есебінен үстеме бағаның субсидияланбайтын бөлігін өтеуді жүргізбеуге;

5) үш жұмыс күн ішінде Қатысушылармен жасалған төлем кестелерімен бірге қаржыландыру шарттарының көшірмелерін беруге;

6) Қатысушы өтеу кестесіне сәйкес мерзімде және мөлшерде үстеме бағаның субсидияланбайтын бөлігін төлеген кезде, оның ішінде Қатысушы мерзімі өткен берешекті толық өтеген кезде, Компанияның арнаулы

ағымдағы шотынан ақшалай қаражатты уақтылы есептен шығаруды қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

7) Қатысушының өтеу кестесін орындағаны не бұзғаны туралы Компанияны өтеу кестесіне сәйкес төлем күнінен кейінгі күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге;

8) Қатысушы қаржыландыру шарттары бойынша төлемді, оның ішінде үстеме бағаның субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде төлемеген жағдайда, Компанияның арнаулы ағымдағы шотынан субсидиялау үшін ақша қаражатын Қатысушы берешегін өтегенге дейін алмауға және өтеу кестесі бойынша төлем күнінен кейінгі күннен кешіктірмей Компанияны хабардар етуге;

9) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай Компанияға есепті айға пайыздық ставканы субсидиялау туралы ақпаратты осы Шартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуға;

10) өтеу кестесінің орындалуына байланысты барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты осы Шарт Тараптарының талап етуі бойынша ұ с ы н у ғ а ;

11) Қаржы ұйымының заңды мекенжайы, пошталық және банктік деректемелері, сондай-ақ нақты мекенжайы өзгерген кезде осындай өзгерістер туралы тараптарға бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Хабардар етпеген және (немесе) уақтылы хабардар етпеген жағдайда, туындауы мүмкін салдарлар үшін Қаржы ұйымы жауапты б о л а д ы ;

12) осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Тараптардың алдын-ала келісімінсіз үшінші тұлғаға бермеуге және қайта бермеуге;

13) осы Шарт талаптарының орындалуына әсер етуі мүмкін барлық мән-жайлар туралы осы Шарттың Тараптарын уақтылы хабардар етуге;

14) Қатысушыға оңалту (сауықтыру) жоспарында көзделген қолдау шараларын ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

2 . 7 . М е н ш і к и е с і :

1) Қатысушыға оңалту (сауықтыру) жоспарында көзделген қолдау шараларын ұ с ы н у ғ а ;

2) осы Шарттың талаптарын орындауға әсер етуге қабілетті барлық жағдайлар туралы осы Шарттың Тараптарына уақтылы хабарлауға;

3) осы Шарт Тараптарының талабы бойынша өтеу кестесін орындауға байланысты қажетті барлық құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті.

2 . 8 . Қ а т ы с у ш ы :

Қаржы ұйымынан үстеме бағаны субсидиялау үшін Компанияның ақша

қаражатының ағымдағы арнаулы шотынан ақша қаражатының шығарылуын қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.

2.9. Қ а т ы с у ш ы :

1) қаржыландыру шарттары бойынша төлемдерді, оның ішінде үстеме бағаның субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесіне сәйкес уақтылы ө т е у г е ;

2) қаржыландыру шарттары бойынша үстеме бағаны субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтар бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, қаржы ұйымына немесе облигацияларды ұстаушыға өтеу кестесінде көзделген ақшалай қаражатты, оның ішінде Компаниядан алынған, үстеме бағаны субсидиялауға арналған сомаларды аударуға. Ақшалай қаражат төлем көзінен ұсталатын салықтар шегеріліп, өтеу кестесіне сәйкес аударылады;

3) осы Шарт талаптарының орындалуына әсер етуі мүмкін барлық мән-жайлар туралы осы Шарттың Тараптарын уақтылы хабардар етуге;

4) өтеу кестесінің орындалуына байланысты барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты осы Шарт Тараптарының талаптары бойынша ұ с ы н у ғ а ;

5) Сауықтыру кеңесі Қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешім қабылдаған жағдайда, үстеме бағаны субсидиялауға арналған оңалту (сауықтыру) жоспарын орындау шеңберінде тартылған ақшалай қаражатты республикалық бюджетке отыз күндік мерзімде қайтаруға;

6) қаржыландыру шарттары бойынша үстеме бағаны субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтар бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстап қалу және аудару бойынша салық агенті болуға міндетті.

### **3. Шарттың қолданылу мерзімі**

3.1. Осы Шарт 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап күшіне енеді және 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

3.2. Осы Шартты Бағдарлама мен Қағидада көзделген жағдайларда біржақты тәртіппен Министрлік бұзуы мүмкін.

### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Осы Шарт бойынша Тараптар осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

## **5. Форс-мажор**

5.1. Тараптар осы Шарт бойынша, егер орындаудың мүмкін болмауы форс-мажорлық жағдаяттар (еңсерілмейтін күш), яғни осы жағдайларда төтенше және шарасыз жағдаяттар (сұрапыл апат, әскери іс-қимылдар және т.б.) салдарынан болса, өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Форс-мажорлық (еңсерілмейтін күш) жағдаяттар басталған кезде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін емес болған Тарап осындай жағдаяттар туралы басқа Тараптарды олар басталған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етуі тиіс. Бұл ретте, форс-мажор (еңсерілмейтін күш) жағдаяттарының сипаты, әрекет ету кезеңі, пайда болу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

5.3. Уақтылы хабардар етпеген жағдайда, Тарап хабардар етпегендіктен немесе уақтылы хабардар етпегендіктен келтірілген шығындарды басқа Тараптарға өтеуге міндетті.

5.4. Форс-мажор (еңсерілмейтін күш) жағдаяттарының басталуы осы Шарттың қолданылу мерзімі олардың әрекет ету кезеңіне ұзартуды т у ы н д а т а д ы .

5.5. Егер осындай жағдаяттар қатарынан үш ай бойы жалғасатын болса, онда кез-келген Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерін бұдан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

## **6. Дауларды шешу**

6.1. Осы Шартты орындауға байланысты қандай да бір дау туындаған жағдайда, Тараптардың кез-келгені келіссөздер жүргізу жолымен барлық дауларды реттеу үшін шаралар қабылдайды.

6.2. Егер туындаған дауды келіссөздер жүргізу жолымен шешу мүмкін болмаса, ол дау мен оған қатысты өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі және реттеледі.

## **7. Хат-хабарлар алмасу**

7.1. Осы Шарт шеңберінде Тараптардың бір-біріне жіберетін кез келген хат-хабары жазбаша нысанда берілетін және осы Шартқа сәйкес қараудың ерекше тәртібі көзделген хат-хабарды қоспағанда, тапсырылғаны туралы белгімен Тараптар хат-хабарды алған сәттен бастап

күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қаралатын болады.

7.2. Хат-хабар тиісті түрде ресімделген кезде (хат-хабар егер ол бланкте ұсынылған және мөрмен бекітілген, оған басшы қол қойған кезде және тіркеу нөмірі, күні болса, сондай-ақ орындаушысы көрсетілсе, тиісінше ресімделген болып есептеледі), жеке қолға тапсырылса, пошта немесе қатысушы Тараптың мекенжайы бойынша курьер байланысы арқылы жеткізілсе, тиісінше ұсынылған және жіберілген болып е с е п т е л е д і .

7.3. Осы Шарттың қолданылуы барысында Тараптардың жауапты тұлғалары екінші Тарапқа факсимильді байланыс және/немесе электрондық пошта арқылы ақпараттық мазмұндағы хат-хабарды жіберуі мүмкін.

Бұл ретте жіберуші Тарап екінші Тарапқа хат-хабарды жібергенін растауға міндетті. Растама факсимильді байланыспен қабылдап алу туралы қабылдаушы тараптың белгісі бар барлық хат-хабардың мәтінін қоса беру жолымен жіберілген не ойдағыдай аяқталғаны туралы факсимильді аппараттың үзіндісі болған кезде тиісті түрде жүзеге асырылған болып есептеледі.

## **8. Құпиялық**

8.1. Осы арқылы Тараптар осы Шарттың талаптарына қатысты ақпарат, банктік құпия, сондай-ақ осы Шарттың жасалуы мен орындалуы барысында өздері алған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпарат құпия болып табылатындығына келіседі және осы Шарт пен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

8.2. Тараптар осы Шарттың құпиялығы мен талаптарын сақтау үшін барлық қажетті, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды.

8.3. Тараптардың кез келгені осы Шарттың талаптарын бұза отырып құпия ақпаратты таратқан немесе жариялаған жағдайда, осындай ақпаратты тарату салдарынан екінші Тарап тартуы мүмкін залалды өтей отырып, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

## **9. Қорытынды ережелер**

9.1. Компания мен Қаржы ұйымы Бағдарлама мен осы Шарт шеңберінде комиссиялар, алымдар және (немесе) өзге де төлемдер а л м а й д ы .

9.2. Тараптардың құқықтық мәртебесі өзгерген жағдайда, осы Шарт

бойынша және осы Шарттың орындалуы үшін барлық құқықтар мен міндеттер, оның ішінде даулар мен келіспеушіліктерді реттеуге байланысты туындаған құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық м и р а с қ о р л а р ы н а а у ы с а д ы .

9.3. Егер төлем күні жұмыс емес немесе мереке күндеріне келген жағдайда, төлем одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

9.4. Осы Шарт, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшасымен бірге осы Шарттың мәніне байланысты Тараптардың толық өз ара түсіністігін білдіреді.

9.5. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) ұқсас данада мемлекеттік және орыс тілдерінде \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) данадан жасалды. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында әр түрлі оқу туындаған жағдайда, осы Шарттың мемлекеттік тілдегі нұсқасына басымдық беріледі.

9.6. Осы Шартта көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

## 10. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Министрлік:	Компания:	Қаржы ұйымы:	Меншік иесі:	Қатысушы:

С у б с и д и я л а у  
қосымша

ш а р т ы н а

## Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) іске асыру шеңберінде 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ пайыздық ставканы субсидиялау туралы ақпарат

Р/с №	Қатысушының атауы	Субсидиялау шартының нөмірі және жасалған күні	Сыйақы ставкасы (%) (5-бағ. + 6 бағ.)	Субсидияланатын сыйақы ставкасы (%)	Субсидияланбайтын сыйақы ставкасы (%)	Есепті айдың соңына негізгі берешек қалдығы /есепті айдың соңына орналастырылған облигациялардың номиналдық құны	Есепті ай өтетін не борыш со есепті айда алынатын облигациял; номиналды құны
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиыны						

*кестенің жалғасы*

--	--	--	--	--	--	--	--

Есепті айда Қатысушы іс жүзінде аударған сома		Есепті айға сыйақының субсидияланбаған ставкасының сомасы (тг)	Есепті айға сыйақының субсидияланған ставкасының сомасы (тг)	Есепті айға Субсидиялау жөніндегі оператордың іс жүзінде аударған субсидия сомасы (тг)	Есепті а сыйақының жүзінде субсидиял сомасы (тг)
Негізгі борышты төлеу/ Сатып алынған облигациялардың номиналдық құны (тг)	Сыйақының субсидияланбаған ставкасын төлеу (тг)				
9	10	11	12	13	14

Басшы \_\_\_\_\_  
 М.О. \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_ (қолы)

Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасына  
 3-қосымша

-----  
 -----  
 (Уәкілетті орган)

### Субсидиялау үшін ақша қаражатын аударуға арналған өтінім

«Активтерді басқару және оңалту компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде, \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Субсидиялау шартын орындау мақсатында, \_\_\_\_\_ (сома, валюта) Компанияның ағымдағы шотына мына деректемелер бойынша аударуды өтінеміз:

СТН \_\_\_\_\_,  
 БСН \_\_\_\_\_,  
 ЖСК \_\_\_\_\_,  
 Банк атауы \_\_\_\_\_,  
 БСК \_\_\_\_\_,  
 КБЕ \_\_\_\_\_  
 Басшы \_\_\_\_\_

Дағдарыстан кейін қалпына  
келтіру бағдарламасы  
(бәсекеге  
қабілетті кәсіпорындарды  
сауықтыру) шеңберінде  
сыйақының пайыздық  
ставкасын  
субсидиялау қағидасына  
4-қосымша

-----  
(Субсидиялау жөніндегі оператор)

## **ХАБАРЛАМА**

**Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қаулысымен.**

\_\_\_\_\_ (Қаржы ұйымы/Облигацияларды ұстаушы)  
20 \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ субсидиялау шартының ажырамас бөлігі  
болып табылатын өтеу кестесі бойынша міндеттемелерді  
\_\_\_\_\_ орындағаны/толық көлемде  
(Бағдарламаға қатысушы) күні, айы, жылы  
орындамағаны/орындамағаны туралы хабарлайды (керегін сызыңыз).

Қатысушы іс жүзінде төлеген сома \_\_\_\_\_ теңгені құрайды, оның  
і ш і н д е :

негізгі борышты төлеу/Сатып алынған облигациялардың номиналды  
қ ұ н ы \_\_\_\_\_ т е ң г е ;

субсидияланбайтын сыйақы ставкасын төлеу \_\_\_\_\_ теңге.

Субсидияланатын сыйақы ставкасының іс жүзіндегі сомасы \_\_\_\_\_  
теңге.

Басшысы \_\_\_\_\_